

"Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" гигиеналық нормативтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 3 ақпандағы № 201 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 155 бұйрығын **қараңыз.**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 6-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық нормативтері **бекітілсін.**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	3 ақпандағы
№ 201 қаулысымен	
бекітілген	

«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық нормативтері

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық нормативтері (бұдан әрі – нормативтер) меншік нысанына, ұйымдық-құқықтық нысанына, ведомстволық тиесілігіне қарамастан, қызметі радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеуге байланысты, заңды және жеке тұлғаларға арналған.

2. Жеке және заңды тұлғалар «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі Заңына сәйкес радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарының бұзылуына жауапты болады.

3. Оңтайландыру қағидатын іске асыру кезінде радиациялық қорғауға арналған шығыстарды негіздеу үшін 1 адам-Зиверт (бұдан әрі 1 ад - Зв) ұжымдық тиімді дозадағы сәулелену халық өмірінің шамамен 1 адам – Зв шығынына тең әлеуетті шығынға әкеп соғады деп қабылданады. Өмір жылының 1 адам - Зв шығынының ақшалай эквивалентінің шамасы ұлттық табыстың кемінде 1 жылдық бір адамға шаққандағы көлемінде белгіленеді.

4. Стохастикалық әсерлердің пайда болуының жеке және ұжымдық өмірлік тәуекелі тиісінше былай анықталады:

$$r_{ic} = \int_0^{\infty} p_i(E) \times r_E \times E dE;$$

$$R = \sum_{i=1}^N r_{ic}$$

мұнда r_i , R – тиісінше жеке және ұжымдық өмірлік тәуекел;

E – жеке тиімді доза;

$p_i(E)dE$ – i жеке адам үшін жылдық тиімді дозаны E -ден $E+dE$ -ге дейін алу

ықтималдығы;

r_E – бір стохастикалық әсерге толыққанды өмір кезеңінің ұзақтығын орташа 15 жылға қысқартудың өмірлік тәуекел коэффициенті (өлімге әкеліп соқтыратын қатерлі ісіктен, маңызды тұқым қуалайтын әсерлерден және өлімге әкеліп соқтыратын қатерлі ісіктің салдарларына зияны бойынша алып келетін өлімге әкеліп соқтырмайтын қатерлі ісіктен), мынаған тең:

өндірістік сәулелену үшін:	жылына $E < 200$ милиЗиверт (бұдан әрі - мЗв/жыл) болғанда $r_E = 5,6 \times 10^{-2}$ 1 / адам - Зв ; $E \geq 200$ мЗв/жыл болғанда $r_E = 1,1 \times 10^{-2}$ 1/адам-Зв;
халықтың сәулеленуі үшін:	$E < 200$ мЗв/жыл болғанда $r_E = 7,3 \times 10^{-2}$ 1/адам-Зв; $E \geq 200$ мЗв/жыл болғанда $r_E = 1,5 \times 10^{-1}$ 1/адам-Зв.

5. Жыл бойы сәулелену кезінде радиациялық қауіпсіздік мақсаттары үшін детерминацияланған әсерлерден ауыр салдарлардың пайда болуы нәтижесінде толыққанды өмір кезеңі ұзақтығының жеке қысқару тәуекелі консервативті түрде мынаған тең:

$$r_{i,D} = P_i[D > D],$$

мұнда $P_i [D > D]$ – i жеке адам үшін көзбен бір жыл бойы жұмыс істеген кезде D -дан асатын дозамен сәулелену ықтималдығы;

D - детерминделген әсер үшін ең төменгі шекті доза.

6. Азғантай дозаларда сәулелену нәтижесінде денсаулыққа тиетін зиянды толық бағалау үшін иондаушы сәулеленуге радио сезімталдықпен ерекшеленетін жекелеген ағзалар мен дене тіндерінің, сондай-ақ барлық организмнің толығымен сәулелену әсерлерін мөлшермен ескеретін радиациялық шығын түсінігі пайдаланылады. Әлемде жалпы қабылданған стохастикалық әсер тәуекелінің дозаға тәуелділігінің сызықтық ең төменгі шегі жоқ теориясына сәйкес тәуекел шамасы сәулелену дозасына пропорционал және 1-кестеде келтірілген дозамен радиациялық тәуекелдің сызықтық коэффициенттері арқылы байланысады.

1-кесте

Радиациялық тәуекелдің сызықтық коэффициенттері

Халықтың сәулеленетін тобы	Қатерлі ісіктер тәуекелі коэффициенті, $\times 10^{-2} \text{ Зв}^{-1}$	Тұқым қуалаушылық әсерлер тәуекелі коэффициенті, $\times 10^{-2} \text{ Зв}^{-1}$	Жиынтығы, $\times 10^{-2} \text{ Зв}^{-1}$
Барлық тұрғындар	5,5	0,2	5,7
Ересектер	4,1	0,1	4,2

Персонал мен халық дозаларының шекті мөлшерін анықтау үшін қолданылатын орташаланған тәуекел коэффициенті шамасы $0,05 \text{ Зв}^{-1}$ -ке тең қ а б ы л д а н ғ а н .

Ядролық радиациялық және электрофизикалық қондырғыларды қалыпты пайдалану жағдайларында техногенді сәулелену дозаларының шектері жыл бойы жеке өмірлік тәуекелдің мынадай мәніне қарай персонал үшін $1,0 \times 10^{-3}$; халық үшін $5,0 \times 10^{-5}$ белгіленеді. Елеусіз аз тәуекел деңгейі 10^{-6} құрайды.

Әлеуетті сәулелену көздерінен қорғануды негіздеу үшін жыл бойы мынадай жинақталған тәуекел мәндері қабылданады (сәулеленуге әкелетін оқиға ықтималдығының сәулеленумен байланысты өлім ықтималдығына көбейту): персонал $2,0 \times 10^{-4}$, жыл⁻¹; халық $1,0 \times 10^{-5}$, жыл⁻¹.

2. Бақыланатын жағдайларда техногендік сәулеленуді шектеуге қойылатын нормативтер

7. Сәулеленуге шалдығатын адамдар санаты үшін (халық, А және Б топтары персоналы) нормативтердің үш сыныбы белгіленеді:

1) дозалардың негізгі шегі (бұдан әрі – ДШ);

2) дозалардың негізгі шегінен туындайтын монофакторлық әсердің рұқсат етілетін деңгейлері (бір радионуклид үшін, түсу жолдары немесе сыртқы сәулеленудің бір түрі): жылдық түсім шегі (бұдан әрі – ЖТШ), рұқсат етілген орташа жылдық көлемді активтілік (бұдан әрі – РЕКА), орташа жылдық меншікті активтілік (бұдан әрі - РЕМА), эквивалентті доза қуаты (бұдан әрі – ЭДҚ);

3) бақыланатын деңгейлер (дозалар, деңгейлері, активтілігі, ағындар тығыздығы). Олардың мәндері ұйымдардағы қол жеткен радиациялық қауіпсіздік деңгейін ескереді және радиациялық әсер рұқсат етілген деңгейден төмен болатын жағдайларды қамтамасыз етеді.

Персонал - техногендік иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істейтін (А тобы) немесе жұмыс жағдайлары бойынша олардың әсер ету аясында болатын адамдар;

2-кесте

Дозалардың негізгі шектері

Нормаланатын шамалар ¹⁾	Дозалар шектері	
	А ²⁾ тобы персоналы	халық
Тиімді доза	кез келген соңғы 5 жыл ішіндегі орташа жылына 20 мЗв, бірақ жылына 50 мЗв-тан артық емес	кез келген соңғы 5 жыл ішінде орташа жылына 1 мЗв, бірақ жылына 5 мЗв артық емес
Көзбұршақтағы терідегі буындар мен табандағы жыл бойғы эквивалентті доза	3) 1 5 0 м 3 в 4) 5 0 0 м 3 в 500 мЗв	1 5 м 3 в 5 0 м 3 в 50 мЗв

1) барлық нормаланған шамалар бойынша көрсетілген шектерге дейін бір уақытта сәулелеуге жол беріледі;

2) дозалардың негізгі шектері Б тобы персоналы сәулеленуінің қалған рұқсат етілген деңгейлері сияқты А тобы персоналы үшін 1/4 мәнге тең. Бұдан әрі мәтінде «персонал» санаты үшін нормативті мәндер тек А тобы үшін ғана келтіріледі;

3) шаршы сантиметрге 300 миллиграм (бұдан әрі – мг/см²) тереңдіктегі дозаға жатады;

4) қалыңдығы 5 мг/см² тері қабаты астындағы қалыңдығы 5 мг/см² терінің базальды қабатындағы 1 см² алаң бойынша орташа мәнге жатады. Алақанда тері қабатының қалыңдығы - 40 мг/см². Егер терінің кез келген 1 см³ алаңының орташа сәулелену шегінде бұл шек жоғарыламайтын болса, көрсетілген шекпен адам денесінің барлық терісін сәулелеуге жол беріледі. Бет терісі сәулеленген

кездегі дозаның шегі бета–бөлшектерден доза шегінің көзбұршаққа жоғарыламауын қамтамасыз етеді.

8 Дозалардың негізгі сәулелену шектеріне табиғи және медициналық сәулелену дозалары, сондай-ақ радиациялық апат салдарларының дозалары кірмейді. Сәулеленудің бұл түрлеріне арнайы шектеулер белгіленеді.

9. Персонал үшін тиімді доза еңбек қызметі кезеңі ішінде (50 жыл) 1000 мЗв-тен, халық үшін өмір бойы (70 жыл) 70 мЗв-тен аспауы тиіс.

10. Иондаушы сәулеленудің техногенді көздерін қалыпты пайдалану есебінен персоналдың жылдық тиімді сәулелену дозасы 2-кестеде белгіленген дозалар шектерінен аспауы тиіс.

Жылдық тиімді доза дегеніміз күнтізбелік жыл ішінде алынған сыртқы сәулеленудің тиімді дозасының және осы жыл ішінде радионуклидтердің организмге түсуі себепші болған ішкі сәулеленудің күтілетін тиімді дозасының жиынтығы.

11. Радионуклидтердің тыныс алу ағзалары арқылы жылдық түсуі және тыныс алатын ауадағы олардың орташа жылдық көлемді активтілігі осы нормативтерге 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген ЖТШ және РЕКА-ның сандық мәндерінен аспауы тиіс, мұнда доза шектері жылына персонал үшін 20 мЗв, және тұрғындар үшін жылына 1 мЗв тең деп алынған. Стандарттық емес жағдайларда РЕМА рұқсат етілген деңгейлері, орташа жылдық персонал РЕКА және радон ЭТКА-сы персоналдың радиациялық қауіпті аймақта болу уақытын есепке ала отырып есептеу жолымен айқындалады. 1 және 2-қосымшаларда келтірілген дозалық коэффициенттер мәндері, сондай ауа үшін ЖТШперс, ЖТШхал, РЕКАперс және РЕКАхал активтілігі бойынша аэродинамикалық медиандық диаметр 1 мкм және 2,5 тең стандартты геометриялық ауытқу болғанда бөлшектер логарифмді қалыпты таралған аэрозолдар үшін есептелген.

12. А тобы персоналы үшін радон изотоптарының ($^{222}\text{Pn} - ^{220}\text{Rn}$)- $^{218}\text{Po}(\text{RaA})$; $^{214}\text{Pb}(\text{RaB})$, $^{214}\text{Bi}(\text{RaC})$, $^{212}\text{Pb}(\text{ThB})$, $^{212}\text{Bi}(\text{ThC})$ еншілес өнімдерінің ЖТШ және РЕКА мәндері эквивалентті тепе-тең активтілік (ЖТШ үшін) және эквивалентті тепе-тең көлемді активтілік (РЕКА үшін) бірліктерде мынаны құрайды:

$$\begin{aligned} \text{ЖТШ: } 0,10 \Pi_{\text{RaA}} + 0,52 \Pi_{\text{RaB}} + 0,38 \Pi_{\text{RaC}} &= 3,0 \text{ МБк} \\ 0,91 \Pi_{\text{ThB}} + 0,09 \Pi_{\text{ThC}} &= 0,68 \text{ МБк} \\ \text{РЕКА: } 0,10 A_{\text{RaA}} + 0,52 A_{\text{RaB}} + 0,38 A_{\text{RaC}} &= 1200 \text{ Бк/м}^3 \\ 0,91 A_{\text{ThB}} + 0,09 A_{\text{ThC}} &= 270 \text{ Бк/м}^3 \end{aligned}$$

мұнда:

Π_i мен A_i – тиісті радон изотоптарының еншілес өнімдерінің тыныс алу

аймағындағы жылдық түсуі және орташа жылдық көлемді активтілік.

13. Сәулелену көздерін пайдалана отырып кәсіптік оқытудан өтетін студенттер мен 16 жастан асқан оқушылар үшін жылдық доза Б тобы персоналы үшін белгіленген мәндерден аспауы тиіс.

14. Жылына 100 мЗв-ге дейін тиімді дозада және осы гигиеналық нормативтерге 2-кестеде келтірілген екі еселік мәндерден аспайтын эквивалентті дозаларда жоспарланатын жоғары сәулеленуге мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органымен (облыстық деңгейден төмен емес) келісілгеннен кейін жол беріледі; жылына 200 мЗв-ке дейін тиімді дозада және эквивалентті дозаның төрт еселік мәндеріне Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің рұқсатымен жол беріледі.

15. Мыналар үшін:

1) апат нәтижесінде жыл бойы бұрын сәулеленген немесе 200 мЗв тиімді дозасымен немесе дозаның тиісті шектерінен төрт есе асатын эквивалентті дозамен жоспарланған жоғары сәулеленген жұмыскерлер үшін;

2) сәулелену көздерімен жұмыс істеуге медициналық қарсы айғақтары бар адамдар үшін жоғары сәулеленуге жол берілмейді.

16. Жыл бойы 100 мЗв-тен асатын тиімді дозадағы сәулеленуге ұшыраған адамдар одан арғы жұмысында жыл бойы 20 мЗв-тен асатын дозада сәулеленуге ұшырамауы тиіс.

Жыл бойы 200 мЗв-тен жоғары тиімді дозамен сәулелену әлеуетті қауіпті ретінде қаралуы тиіс. Осындай сәулеленуге ұшыраған адамдар дереу сәулелену аймағынан шығарылады және медициналық тексерілуге жіберіледі. Бұл адамдарға кейіннен сәулелену көздерімен жұмыс істеуге білікті медициналық комиссияның шешімі бойынша олардың келісімін ескере отырып, жеке тәртіпте рұқсат етіледі.

17. Радиоактивтік ластанған аумақтарда жүзеге асырылатын апаттық, құтқару және басқа жұмыстарды жүргізу үшін тартылатын персоналға жатпайтын адамдар А тобы персоналы ретінде ресімделеді және жұмысқа жіберіледі.

3. Өндірістік жағдайларда табиғи сәулеленуден қорғауға қойылатын нормативтер

18. Персоналды қоса алғанда барлық жұмыскерлердің табиғи сәулелену көздерімен тиімді сәулелену дозасы өндірістік жағдайларда жылына 5 мЗв-тен аспауы тиіс (кез келген кәсіптер мен өндірістер).

19. Жұмыс ұзақтығы жылына 2000 сағат (бұдан әрі – сағ/жыл), тыныс алудың орташа жылдамдығы сағатына 1,2 текше метр (бұдан әрі – м³/сағ) және

өндірістік шаңдағы уран және торий қатары радионуклидтерінің радиоактивтік тепе-теңдігі болғанда, монофакторлық әсер кезінде жыл бойы 5 мЗв сәйкес келетін жыл бойғы радиациялық факторлардың орташа мәндері мынаны құрайды :

- 1) жұмыс орнындағы гамма-сәуленің тиімді дозасы қуаты 2,5 мкЗв/сағ;
 - 2) тыныс алу аймағы ауасындағы эквивалентті тепе-тең көлемді активтілік (бұдан әрі – ЭТКА_{Rn}) текше метрге 310 Беккерель (бұдан әрі – Бк/м³);
 - 3) тыныс алу аймағы ауасындағы ЭТКА_{Th} - 68 Бк/м³;
 - 4) килограммға 40/f килоБеккерель (бұдан әрі – кБк/кг) өз қатарының мүшелерімен бірге радиоактивті тепе-теңдікте болатын уран-238-дің өндірістік шаңдағы меншікті активтілігі, мұнда f – тыныс алу аймағы ауасының орташа жылдық жалпы шаңдануы, мг/м³;
 - 5) өз қатарының мүшелерімен бірге радиоактивті тепе-теңдікте болатын торий-238-дің өндірістік шаңдағы меншікті активтілігі, 27/f, кБк/кг.
- Монофакторлық әсер ету кезінде көрсетілген мәндерге әсер ету факторлары қатынасының жиынтығы 1-ден аспауы тиіс.

20. Ғарыштық сәулеленудің ұшақ экипаждарына әсерлері өндірістік жағдайлардағы табиғи сәулелену ретінде нормаланады және 5 мЗв-тен аспауы тиіс.

4. Қалыпты жағдайларда халықтың техногендік және табиғи сәулеленуін шектеуге қойылатын нормативтер

21. Тамақ өнімдеріндегі, ауыз судағы және атмосфералық ауадағы халықтың 1 мЗв тең техногендік сәулелену дозасының шегіне және осы шек квоталарына сәйкес келетін радионуклидтердің рұқсат етілген мәндері тамақтану рационы мен ауыз су компоненттері бойынша олардың таралуын есепке ала отырып, сондай-ақ радионуклидтердің тыныс алу ағзалары арқылы түсуін және адамдардың сыртқы сәулеленуін есепке ала отырып радионуклидтердің ас қорыту ағзалары арқылы түсуі кезінде дозалық коэффициенттер мәндері негізінде есептеледі. Халықтың критикалық тобы үшін дозалық коэффициенттер мәндері, тыныс алу ағзалары арқылы РЕКА және ЖТШ және тамақ қорыту ағзалары арқылы ЖТШ осы нормативтерге 3-қосымшада келтірілген.

22. Жаңа тұрғын және қоғамдық мақсаттағы ғимараттарды жобалағанда үй-жайлар ауасындағы радон мен торонның еншілес өнімдерінің орташа жылдық эквивалентті тепе-тең көлемді активтілігі $\text{ЭТКА}_{\text{rn}} + 4,6\text{ЭТКА}_{\text{tn}}$ 100 Бк/м³ аспайтындай, ал гамма-сәуленің тиімді дозасының қуаты ашық жердегі доза қуатынан 0,2 мкЗв/с аспайтындай болып көзделеді.

23. Пайдаланылып жүрген ғимараттарда тұрғын үй-жайлар ауасындағы радон мен торонның еншілес өнімдерінің орташа жылдық эквивалентті тепе-тең көлемді активтілігі 200 Бк/м^3 аспауы тиіс. Көлемді активтіліктің барынша жоғары мәндері болғанда радонның үй-жай ауасына түсуін төмендетуге және үй-жайды желдетуді жақсартуға бағытталған қорғаныш іс-шаралары жүргізіледі. Егер үй-жайлардағы гамма-сәуленің тиімді дозасы қуаты ашық жердегі дозаның қуатынан $0,2 \text{ мЗв/с}$ жоғары болса қорғаныш іс-шаралары жүргізіледі.

24. Тұрғын үйлер мен әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттағы ғимараттар құрылысына аумақтардың учаскелерін таңдау кезінде гамма-фоны $0,3 \text{ мкГр/сағ}$ аспайтын және топырақ бетінен радон ағынының тығыздығы $80 \text{ мБк/(м}^2\text{хс)}$ артық емес учаскелер бөлінеді.

25. Кен орындарында өндірілетін немесе өнеркәсіптің жанама өнімдері болып табылатын құрылыс материалдарындағы (шағыл тас, қиыршық тас, құм, бут және араланған тас, цемент және кірпіш шикізаттары және басқалары) табиғи радионуклидтердің, сондай-ақ құрылыс материалдарын дайындауға пайдаланылатын өнеркәсіп өндірісінің қалдықтары (күл, шлак және басқалары) және дайын өнімнің тиімді меншікті активтілігі ($A_{\text{тиім}}$) мынадан аспауы тиіс:

1) салынып және қайта жаңартылып жатқан тұрғын және қоғамдық ғимараттарда пайдаланылатын материалдар үшін (I сынып):

$$A_{\text{тиім}} = A_{\text{Ra}} + 1,3A_{\text{Th}} + 0,09A_{\text{K}} \leq 370 \text{ Бк/кг}$$

м ұ н д а :

A_{Ra} және A_{Th} – уран және торий қатарындағы басқа мүшелермен радиоактивтік тепе-теңдіктегі ^{226}Ra және ^{232}Th меншікті активтілігі, A_{K} - К-40 меншікті активтілігі (Бк/кг);

2) елді мекендер аумақтары мен перспективалы құрылыс аймақтарында жол құрылысында пайдаланылатын материалдар үшін. Тұрғын, қоғамдық және өндірістік ғимараттардың сыртын өңдеу үшін, оларды пайдаланудың жоспарланған түрі кезінде күтілетін жеке жылдық тиімді сәулелену дозасы 10 мкЗв-тен аспауы тиіс, ал жылдық ұжымдық доза бір адам-Зв-тен аспауы тиіс болатын жағдайларда бұрқақтар, мәдени және басқа да құрылыстар үшін. Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды, балалар, жасөспірімдер, медицина ұйымдарын салу және ішін әрлеу үшін пайдалануға жол берілмейді (II сынып):

$$A_{\text{тиім}} \leq 740 \text{ Бк/кг},$$

3) елді мекендерден тыс жердегі жол құрылысында қолданылатын материалдар үшін (III сынып):

$$A_{\text{тиім}} \leq 1,5 \text{ кБк/кг}.$$

4) $1,5 \text{ кБк/кг} < A_{\text{тиім}} \leq 4 \text{ кБк/кг}$ болғанда (IV сынып) материалдарды пайдалану туралы мәселе әрбір жеке жағдайда бөлек аумақтық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының келісімі бойынша шешіледі.

$A_{\text{тиім}} > 4,0 \text{ кБк}$ болғанда материалдарды құрылысқа қолдануға жол берілмейді.

26. Радиациялық қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша ауыз су мақсаты үшін суды пайдалануға жарамдылығын алдын ала бағалау меншікті жиынтық альфа (Аб) және бета-активтілік (Ав) бойынша беріледі. 0,2 және 1,0 Бк/кг төмен Аб және Ав мәндері кезінде тиісінше суды одан әрі зерттеу міндетті болып табылмайды. Көрсетілген деңгейлерден асқан жағдайда судағы радионуклидтер құрамына талдау жүргізіледі. Егер суда бірнеше табиғи және техногенді радионуклидтер болса, мына шарттар орындалады:

$$\sum_I (A_I / A_{Д_I}) \leq 1$$

мұнда A_I - судағы I радионуклидтің меншікті активтілігі, БК/кг;

$A_{Д_I}$ – осы нормативтерге 4-қосымша бойынша тиісінше араласу деңгейлері, БК/кг, ауыз судың радиоактивтілігін төмендету бойынша іс-шаралар міндетті болып табылмайды.

27. Ауыз судағы ^{222}Rn есебінен адамдардың қиын жолмен сәулеленуі радонның үй-жай ауасына өтуі және радонның еншілес өнімдерінің организмге кейіннен ингаляциялық түсуі болып табылады. Ауыз судағы ^{222}Rn үшін араласу деңгейі 60 Бк/кг құрайды. Жер асты көздерінің ауыз суындағы ^{222}Rn меншікті активтілігін анықтау орталықтандырылмаған сумен жабдықтауда міндетті болып табылады.

Суда ^3H , ^{14}C , ^{131}I , ^{210}Pb , ^{228}Ra , ^{232}Th (әлеуетті қауіптілік бойынша I және II радиациялық объектілердің байқау аймақтарында) болуы мүмкін болған жағдайда бұл радионуклидтердің судағы меншікті активтілігін анықтау міндетті болып табылады.

28. Тамақ өнімін санитариялық-эпидемиологиялық сараптамадан өткізу және халықтың сәулеленуін шектеу осы гигиеналық нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес радионуклидтердің болуын регламенттеу жолымен жүзеге асырылады.

29. Шайдағы (қара, көк, тақта шай) радионуклидтер цезий бойынша 137-400 Бк/кг, стронций бойынша 90-200 Бк/кг аспауы тиіс.

30. Кофедегі (дәнді, ұнтақ, еритін) радионуклидтер цезий бойынша 137-300 Бк/кг, стронций бойынша 90-100 Бк/кг аспауы тиіс.

31. Өсімдік негізіндегі, гүл тозаны (құрғақ шай), сұйық (эликсирлер, бальзамдар, тұнбалар мен басқалары) БАҚ-тағы радионуклидтер цезий бойынша

137-200 Бк/кг, стронций бойынша 90-100 Бк/кг аспауы тиіс.

32. Дәрілік өсімдіктердегі (шөптер, қабық, тамыр сабақ, жемістері) радионуклидтер цезий бойынша 137-400 Бк/кг, стронций бойынша 90-200 Бк/кг аспауы тиіс.

33. Қолдануға дайын жеміс-жидектерден, көкөністерден, жидектерден жасалған тамақ өнімдері (консервіленген көкөністер, саңырауқұлақтар, қайнатпа, джем, сироп, концентраттар, сусындар, шырындар) радиациялық қауіпсіздікке зерттеуден өтуі тиіс.

34. Темекідегі және темекі бұйымдарындағы радионуклидтер цезий бойынша 137-120 Бк/кг, стронций бойынша 90-50 Бк/кг аспауы тиіс.

35. Қатты отынның (көмір) радиоактивтілігін бағалауға мыналар жатады:

1) гамма-сәуле қуатының көрсеткіштері және учаскенің біртектілігін анықтау. Кен орындары (жер қабаты) учаскелері гамма-сәуленің эквивалентті дозасы қуатының мәні барлық бетте 30% аспайтын айырмашылықта болғанда біртекті болады; сәналады;

2) көмір мен күлдің табиғи радионуклидтерінің меншікті активтілігі.

Қатты отынның радиоактивтілігін алдын ала бағалау кен орнын барлау немесе ашық карьер немесе ұңғыма забойындағы жер қабаты үшін аумақтың беткі қабатын түсіру сатысында жүргізіледі.

Жылдық жеке тиімді доза 10 мкЗв-тен, ал ұжымдық жылдық тиімді доза 1 адам – Зв-тен аспауы тиіс.

Шектеу жүйесін және отынды қауіпсіз пайдалану түрін орнату табиғи радионуклидтердің меншікті активтілігін талдау негізінде жүргізіледі. Уран (радий) және торий радионуклидтерінің меншікті активтілігінің ең төменгі мәнді меншікті активтілікке ($C^{көмір}$) қатынасының қосындысы мына формула бойынша анықталады:

$$C^{көмір} = (A_{u(Ra)} / 1000) + A_{(Th)} / 1000$$

мұнда $A_{u(Ra)}$ $A_{(Th)}$ - уран және торий қатарындағы басқа мүшелермен радиоактивті тепе-теңдікте болатын меншікті активтілік U (^{226}Ra), ^{232}Th , тиісінше БК / кг.

1000 - табиғи уран мен торийдің ең төменгі мәнді меншікті активтілігі (ММА), Бк/кг, осы гигиеналық нормативтерге 5-қосымша.

$C^{көмір}$ мәніне байланысты көмірдің радиациялық қауіптілік сыныбы белгіленеді:

3-кесте

Көмірдің радиациялық қауіптілік сыныптары

--	--	--

Көмірдің радиациялық қауіптілік сыныбы	Радионуклидтердің меншікті активтілігінің МММА-ға қатынасы қосындысы, $C_{\text{көмір}}$	Көмірді пайдалану шарттары
I	≤ 1	Шаруашылық қызметте көмірді пайдалануға ешқандай шектеу қойылмайды
II	> 1	Шаруашылық мақсатта көмірді пайдалануға тыйым салынады

36. Қатты отынды өндіру бойынша жер қойнауын пайдаланатын объектіге жер учаскесін бөлу кезінде және халық қатты отынды пайдаланған кезде өткізілген санитариялық-эпидемиологиялық сараптау негізінде аумақтық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарының санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы беріледі.

37. Күлдің радиациялық қауіптілік сыныбын және оны құрылыс материалы ретінде қауіпсіз пайдалану түрін анықтау меншікті тиімді активтілік көрсеткіші бойынша жүзеге асырылады.

Отынды жағу барысында пайда болатын күлдің меншікті тиімді активтілігін бағалау және болжау көмірді радиациялық сынау нәтижелері бойынша жүргізілуі мүмкін және мына формула бойынша анықталады:

$$A_{\text{тиімді болж.}}^{\text{күл}} = A_{\text{тиімді.}}^{\text{көмір}} \times K_{\text{к}} + \Delta_{\text{көмір}}$$

мұнда $A_{\text{тиімді.}}^{\text{күл}}$ - көмір сынамасындағы табиғи радионуклидтердің меншікті тиімді активтілігі;

$K_{\text{к}}$ - күлдегі радионуклидтер шоғырлануы коэффициенті, мына формула бойынша анықталады:

$$K_{\text{к}} = 100\% A^{\text{д}}$$

мұнда $A^{\text{д}}$ - көмірден күл алу, %;
 $\Delta_{\text{көмір}}$ - анықтаудың абсолютті қателігі $A_{\text{тиімді.}}^{\text{күл}}$

Меншікті активтіліктің мәніне байланысты радиациялық қауіптілік сыныбы және пайдалану түрі белгіленеді:

4-кесте

Күлдің радиациялық қауіптілік сыныптары

Күлдің радиациялық қауіптілік сыныбы	Радионуклидтердің меншікті тиімді активтілігі, $(A_{\text{тиімді.}}^{\text{күл}} \text{ болж. } A_{\text{тиімді.}}^{\text{күл}}) \text{ Бк/кг}$	Күлді қауіпсіз пайдалану шарттары
I	370 дейін	Күл салынып жатқан және қайта жаңартылатын тұрғын және қоғамдық ғимараттарда пайдаланылуы мүмкін
		Күл елді мекендердің аумақтары және перспективалы құрылыс аймақтары шектерінде жол салғанда,

II	370-тен 740-қа дейін	сондай-ақ өндірістік құрылыстар салғанда пайдаланылады
II	740-тан 1500-ге дейін	Күл елді мекендерден тыс жол құрылыстарында пайдаланылуы мүмкін
IV	1500 артық 4000 дейін	Күлді пайдалану мәселесі әр жағдайда аумақтық мемсанэпидқызмет органдарымен келісім бойынша жеке шешіледі

38. Мұнай және мұнай-су суспензияларын барлау, өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу технологиясы технологиялық жабдықтардың және қоршаған орта объектілерінің табиғи радионуклидтармен осы нормативтерде көзделген деңгейлерден жоғары ластану мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

Мұнайда табиғи радионуклидтер су үшін 10 араласу деңгейінен (АД) артық емес көлемде болған кезде (4-қосымша) ол шектеусіз пайдаланылуы мүмкін. Су үшін 10 араласу деңгейінен артық радионуклидтер болған кезде мұнай қайта өңдеуге тек оны көрсетілген шамаға дейін (10 АД) тазартқаннан кейін ғана ж і б е р і л у і м ү м к і н .

39. Мұнай өнімдерін өндіру үдерісінде мұнайлы-газды жиекке айдалатын жер қабаты суындағы табиғи радионуклидтердің құрамы нормаланбайды. Оларды су ағатын жиекке айдағанда немесе жергілікті жердің бедеріне төккенде олардағы ЕРН шоғырлануы су үшін 10 АД аспауы тиіс.

40. Минералды тыңайтқыштардағы және агрохимикаттардағы табиғи радионуклидтердің меншікті активтілігі мынадан аспауы тиіс:

$$A_u + 1,5 * A_{Th} \leq 1,0 \text{ кБк/кг}$$

мұнда A_u және A_{Th} - уран және торий қатарындағы басқа мүшелермен радиоактивті тепе-теңдіктегі тиісінше уран-238 (радий-226) және торий 232 (торий-228) меншікті активтілігі.

Минералды тыңайтқыштардағы және агрохимикаттардағы 40К рұқсат етілген құрамы белгіленбейді. Құрамында 40К бар материалдармен жұмыс істегенде халықты 24 және 25-тармақтарда белгіленген табиғи иондаушы көздер есебінен сәулеленуден шектеу талаптары сақталуы тиіс.

41. Фосфор тыңайтқыштардағы және мелиоранттардағы табиғи радионуклидтердің меншікті активтілігі мынадан аспауы тиіс:

$$A_u + 1,5 * A_{Th} < 4,0 \text{ кБк/кг}$$

мұнда A_u және A_{Th} – тиісінше уран және торий қатарының басқа мүшелерімен радиоактивті тепе-теңдіктегі уран-238 (радий-226) және торий-232 (торий-228) меншікті активтілігі.

42. Халықтың және ұйымдар жұмыскерлерінің радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құрамында табиғи радионуклидтер көп материалдармен жұмыс жасағанда радиациялық бақылау түрлерін және көлемін жоспарлау үшін

мынадай	сыныптама	енгізіледі:
1) I сынып:	$A_{\text{тиім}} \leq 740$	Бк/кг
2) II сынып:	$0,74 < A_{\text{тиім}} \leq 1,5$	кБк/кг
3) III сынып:	$1,5 < A_{\text{тиім}} \leq 4,0$	кБк/кг
4) IV сынып:	$A_{\text{тиім}} \geq 4,0$	кБк/кг

43. Өндірістік жағдайларда I сынып материалдарымен жұмыс істеу қандай да бір шектеусіз жүзеге асырылады.

II, III, IV сынып материалдарымен жұмыс кезінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізіледі, оның негізінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары тиісті санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды береді.

44. Кәсіпорын құрылыс материалдары, минералды тыңайтқыштар, мелиоранттар мен отын-энергетикалық шикізатының кен орындарын өңдеу басталғанға дейін мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарынан оның радиациялық қауіптілік дәрежесі мен материалдарды пайдалану жағдайлары туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алуы тиіс.

5. Медициналық сәулеленуді шектеу бойынша норматив

45. Медициналық сәулелену кезінде пациенттерді радиациялық қорғау барынша аз сәулелену деңгейлерінде тиісті медициналық емшаралардан пайдалы диагностикалық ақпарат және/немесе терапиялық әсер алу қажеттілігіне негізделеді (сәулелік терапия үшін бұл талап дені сау, әдейі сәулелеуге ұшырамайтын ағзалар мен тіндерге қатысты). Пациенттерді радиациялық қорғауды қамтамасыз ету үшін медициналық емшараларды тағайындауды негіздеу және пациенттерді қорғауды оңтайландыру принциптері қолданылады. Іс жүзінде дені сау адамдарға профилактикалық медициналық рентгенологиялық зерттеулер және ғылыми зерттеулер жүргізген кезде осы адамдардың жылдық тиімді сәулелену дозасы 1 мЗв аспауы тиіс.

46. Пациенттерге (ауыр науқастарға, балаларға) рентгендік-радиологиялық емшараларды орындау кезінде қолдау көрсететін адамдар (рентгендік-радиологиялық бөлімшелердің персоналы емес) жылына 5 мЗв-тен аспайтын дозада сәулеленуге ұшырамауы тиіс. Осындай талаптар радионуклидтік терапия немесе жабық көздерді имплантациялау арқылы брахитерапия курсынан өткен және клиникадан шыққан пациенттермен бірге тұратын ересек адамдардың радиациялық қауіпсіздігіне қойылады. Радионуклидтік терапия немесе брахитерапиядан кейін емханадан шыққан

пациенттермен байланыста болатын қалған ересек адамдар, сондай-ақ балалар үшін дозаның шегі жылына 1 мЗв құрайды.

47. Радионуклидтік терапия немесе жабық көздерді имплантациялау арқылы брахитерапия курсынан өтетін пациенттер денеден шығатын гамма-сәуле деңгейі осы гигиеналық нормативтердің 53-тармағының талаптарын қанағаттандыратын жағдайда клиникадан шығарылуы мүмкін. Осы нормативтерге 5-кестеде көрсетілген радионуклидтермен терапиядан кейін денедегі радионуклидтердің енгізілген немесе қалдық активтілігі немесе пациент денесінің жанындағы ауадағы дозаның өлшенген қуаты 5-кестеде келтірілген тиісті мәндерден төмен болғанда пациентті шығаруға жол беріледі. Пациенттерге шығару алдында олар байланысқа түсуі мүмкін отбасы мүшелерін және басқа да адамдарды сәулеленуден қорғау үшін қабылдауы тиіс сақтық шараларына қатысты ауызша және жазбаша нұсқаулар берілуі керек. Осындай талаптар пациенттерді амбулаториялық емдеу режиміне де қойылады.

5-кесте

Радионуклидтік терапиядан немесе жабық көздерді имплантациялау арқылы брахитерапия курсынан кейін ересек пациенттің денесіндегі радионуклидтердің активтілігі (ГБк) және пациентті клиникадан шығаруға рұқсат етілген дене бетінен 1 м қашықтықтағы эквивалентті доза (мкЗв/сағ) қуаты денеден шығатын гамма-сәуле деңгейі

Радионуклид	Жартылай ыдырау кезеңі, тәулік	Денедегі активтілік, ГБк	Дозаның қуаты, мкЗв/ч
$^{125}\text{I}^{1)}$	60,1	4	10
^{131}I	8,0	0,4	20
^{153}Sm	2,0	9	100
^{188}Re	0,7	12	80

1) қуық асты безі брахитерапиясына арналған импланттар құрамында.

Жыл бойы көп рет емделген жағдайда денедегі активтілік және дозаның қуаты бір жыл бойғы емдеу курсының санына тең санға дейін бірнеше рет төмендетілген болуы тиіс.

48. Организмінде радионуклидті энергия көзі бар кардиостимулятор бар пациент қайтыс болған жағдайда, дененің кремациясы көзді алғаннан кейін жүргізіледі.

49. Иондаушы сәулелену көздерімен байланысты емшараларды жоспарлау және жүргізу кезінде медицина ұйымында медициналық сәулеленуге ұшырайтын барлық адамдардың дозалары анықталады және тіркеледі.

6. Радиациялық апат жағдайларында халықтың сәулеленуін шектеу бойынша норматив

50. Егер көзделетін сәулелену дозасы қысқа мерзім (2 тәулік) ішінде олардан жоғарылаған кезде детерминацияланған әсерлер мүмкін болатын деңгейлерге жететін болса қорғаныш іс-шаралары жүргізіледі (осы нормативтерге 6-кесте).

6-кесте

Қорғаныш іс-шараларын талап ететін сәулеленудің болжанатын деңгейлері

Ағза немесе тін	2 тәулік ішінде ағзада немесе тінде сіңірілген доза, Гр
Барлық дене	1
өкпе	6
тері	3
қалқанша без	5
көзбұршақ	2
гонадалар	3
ұрық	0,1

51. Тұрғындарды уақытша көшіруге арналған араласу деңгейлері мынаны құрайды: уақытша көшірудің басы үшін – айына 30 мЗв, уақытша көшіруді аяқтау үшін айына 10 мЗв. Егер бір ай ішінде жиналатын доза жыл бойы көрсетілген деңгейлерден жоғары болатыны болжанатын болса, халықты тұрақты мекен-жайға көшіру туралы мәселені шешу керек.

52. Радиацияға қарсы араласу жүргізілген кезде доза шектері (осы нормативтерге 2-кесте) қолданылмайды.

53. Көлемді аумақтың радиациялық ластануына алып келген апаттар кезінде радиациялық жағдайды бақылау және болжау негізінде радиациялық апат аймағы анықталады. Радиациялық апат аймағында радиациялық жағдайға бақылау жүргізіледі және халықтың сәулелену деңгейлерін төмендету бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

54. Аумақтың радиоактивті ластануымен ірі радиациялық апат жағдайында халықты қорғау шаралары туралы шешім қабылдау қорғаныш іс-шараларымен алды алынатын болжанатын дозаны және ластану деңгейлерін осы нормативтерге 8-кестеде келтірілген А және Б деңгейлерімен салыстыру негізінде жүргізіледі. Ластанған өнімдер мен суды тұтынуды шектеу туралы шешімді қабылдау шарттары осы нормативтерге 9 және 10-кестелерде келтірілген.

8-кесте

Радиациялық апаттың бастапқы кезеңінде кезек күттірмейтін шешімдерді қабылдауға арналған критерийлер

	Алғашқы 10 тәулік ішінде алды алынатын доза, мГр	
--	--	--

Қорғау шаралары	Барлық денеге		Қалқан безі, өкпе, тері	
	А деңгейі	Б деңгейі	А деңгейі	Б деңгейі
Баспана	5	50	50	500
Йод профилактикасы:	-	-		
ересектер			250 ¹⁾	2500 ¹⁾
балалар			100 ¹⁾	1000 ¹⁾
Эвакуация	50	500	500	5000

1) тек қалқанша безі үшін ғана.

9-кесте

Шешім қабылдауға арналған критерийлер

Шаралар	Алды алынатын тиімді доза, мЗв	
	А деңгейі	Б деңгейі
Ластанған тамақ өнімдері мен ауыз суды тұтынуды шектеу	бірінші жыл ішінде 5 одан кейінгі жылдарда 1/жыл	бірінші жыл ішінде 50 одан кейінгі жылдарда 10/жыл
Көшіру	бірінші жыл ішінде 50	бірінші жыл ішінде 500
	Көшірудің барлық уақыты ішінде 1000	

Қорғаныш іс-шараларымен алды алынатын сәулелену деңгейі А деңгейінен аспаса, халықтың қалыпты тіршілік әрекетінің, аумақтың шаруашылық және әлеуметтік жұмыс істеуінің бұзылуына байланысты қорғау шаралары жүргізілмеуі мүмкін.

10-кесте

Апат болғаннан кейін бірінші жылы ластанған тамақ өнімдерін тұтынуды шектеу туралы шешім қабылдауға арналған критерийлер

Радионуклидтер	Тамақ өнімдеріндегі радионуклидтің меншікті активтілігі, кБк/кг	
	А деңгейі	Б деңгейі
^{131}I , ^{134}Cs , ^{137}Cs	1	10
^{90}Sr	0,1	1,0
^{238}Pu , ^{239}Pu , ^{241}Am	0,01	0,1

Егер қорғаныш іс-шараларымен алды алынатын сәулелену А деңгейінен асса, бірақ Б деңгейіне жетпесе, қорғау шараларын орындау туралы шешім нақты ахуалды және жергілікті жағдайларды ескере отырып, негіздеу және оңтайландыру қағидаттарды бойынша қабылданады.

Егер қорғаныш іс-шараларымен алды алынатын сәулелену деңгейі Б деңгейіне жетсе және одан асса, егер ол тіпті тұрғындардың қалыпты тіршілік әрекетінің, аумақтың шаруашылық және әлеуметтік жұмыс істеуінің бұзылуына байланысты болса да тиісті қорғау шаралары орындалады.

55. Көлемді аумақтың ұзақ мерзімдік радионуклидтермен ластануына алып келген радиациялық апаттың кейінгі кезеңдерінде қорғаныш іс-шаралары туралы шешімдер қалыптасқан радиациялық жағдайды және нақты

әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып қабылданады (осы нормативтерге 6-қосымша).

7. Иондаушы сәулелену көздерін қалыпты пайдалану жағдайларында радиациялық әсердің рұқсат етілген деңгейлерінің мәндері

56. Сәулеленетін адамдардың әрбір санаты үшін осы сәулелену жолдары үшін радиациялық әсер етудің рұқсат етілген деңгей мәні осы нормативтердің 2-кестесінде көрсетілген жылдық доза шегіне анықталған бес жыл бойы орташаланған).

57. Барлық сәулелену жолдары үшін рұқсат етілген деңгейлер мәндері мынадай параметрлермен:

1) күнтізбелік жыл бойы радионуклид организмге түсетін жұтылатын ауаның көлемімен V ;

2) күнтізбелік жыл ішіндегі сәулелену уақытымен t ;

3) күнтізбелік жыл бойы радионуклид организмге түсетін ауыз судың массасымен M ;

4) иондаушы сәулелену ағындарымен сыртқы сәулелену геометриясымен сипатталатын стандартты жағдайлар үшін анықталған.

Персонал үшін стандартты параметрлердің мына мәндері белгіленген: жылына $V_{\text{перс}} = 2,4 \times 10^3 \text{ м}^3$; жылына $t_{\text{перс}} = 1700 \text{ сағ.}$; $M_{\text{перс}} = 0$.

Тұрғындар үшін стандартты параметрлердің мына мәндері белгіленген: жылына $t_{\text{тұрғындар}} = 8800 \text{ сағат}$; жылына ересектер үшін $M_{\text{тұрғындар}} = 730 \text{ кг.}$

Жұтылатын ауаның жылдық көлемі жасқа байланысты белгіленген:

11-кесте

Халықтың әртүрлі жас топтары үшін жұтылатын ауаның жылдық көлемі

Жасы	1 жасқа дейін	1-2	2-7	7-12	12-17	Ересектер (17-ден жоғары)
V , жылына мың м^3	1,0	1,9	3,2	5,2	7,3	8,1

58. Моноэнергетикалық электрондармен, бета-бөлшектермен, моноэнергетикалық фотондармен және моноэнергетикалық нейтрондармен персонал адамдарының барлық денесі, терісі және көзбұршағы сырттай сәулеленген кезде ағындар тығыздығының орташа жылдық рұқсат етілген сандық мәндері, жұмыс үй-жайларының және олардағы жабдықтардың, тері жабындарының, арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің және персоналдың басқа да жеке қорғаныш құралдары беттерінің рұқсат етілген радиоактивті ластану мәндері, көлік құралдары беттерінің алынатын радиоактивті ластануының рұқсат етілген деңгейлері осы нормативтердің 12-20-кестелерінде келтірілген.

12-кесте

Тері сәулеленген кезде персонал адамдары үшін эквивалентті дозалар мәндері және моноэнергетикалық электрондар ағынының рұқсат етілген орташа жылдық тығыздығы

Электрондар энергиясы, МэВ	Жеке флюенске терідегі эквивалентті доза $10^{-10} \text{ Зв} \times \text{см}^2$		Ағынның рұқсат етілген орташа жылдық тығыздығы $\text{РАТ}_{\text{перс}}, \text{см}^{-2} \times \text{с}^{-1}$	
	ИСӨ ¹⁾	АА ²⁾	ИСӨ ¹⁾	АА ²⁾
0.07	0.3	2.2	2700	370
0.10	5.7	16.6	140	50
0.20	5.6	8.3	150	100
0.40	4.3	4.6	190	180
0.70	3.7	3.4	220	240
1.00	3.5	3.1	230	260
2.00	3.2	2.8	260	290
4.00	3.2	2.7	260	300
7.00	3.2	2.7	260	300
10.0	3.2	2.7	260	300

Е с к е р т п е :

¹⁾ ИСӨ - изотропты (2 π) сәуле өрісі, ²⁾ АА - алдыңғы-артқы геометрияда параллель шоқпен сәулелену.

13-кесте

Көзбұршақ сәулеленген кезде персонал адамдары үшін эквивалентті доза мәндері және моноэнергетикалық электрондар ағынының орташа жылдық рұқсат етілген тығыздығы

Электрондар энергиясы, МэВ	Жеке флюенске көзбұршақтағы эквивалентті доза, $10^{-2} \text{ Зв} \times \text{см}^2$		Ағынның рұқсат етілген орташа жылдық тығыздығы $\text{РАТ}_{\text{перс}}, \text{см}^{-2} \times \text{с}^{-1}$	
	ИСӨ ¹⁾	АА ¹⁾	ИСӨ ¹⁾	АА ¹⁾
0.80	0.08	0.45	3100	540
1.00	0.75	3.0	330	80
1.50	1.9	5.2	130	50
2.00	2.2	4.8	110	50
4.00	2.6	3.3	95	75
7.00	2.9	3.1	85	80
10.0	3.0	3.0	80	80

Е с к е р т п е :

¹⁾ ИСӨ - изотропты (2 π) сәуле өрісі, ²⁾ АА - алдыңғы-артқы геометрияда параллель шоқпен сәулелену.

Бөлшектер флюенсі Φ - $dN/d\alpha$ қатынасы, мұнда dN – көлденең қимасы db ауданмен ортаға түсетін бөлшектер саны:

$$\Phi = dN/d\alpha, \text{ м}^{-2}$$

Бөлшектер ағынының тығыздығы n - $dN/(d\alpha \cdot dt)$, мұнда dN – dt уақыт аралығында көлденең қимасы db ауданмен ортаға түсетін бөлшектер саны:

$$n = dN/(d\alpha \cdot dt), \text{ м}^{-2} \cdot \text{с}^{-1}$$

14-кесте

Тері жанасып сәулеленген кезде персонал адамдары үшін эквивалентті дозалар мәндері және бета-бөлшектер ағынының орташа жылдық тығыздығы

Бета-спектрдің орташа энергиясы, МэВ	Жеке флюенске терідегі эквивалентті доза, 10^{-10} Зв $\times$ см^2	Ағынның рұқсат етілген орташа жылдық тығыздығы $\text{РАТ}_{\text{перс}}, \text{см}^{-2} \times \text{с}^{-1}$
0.05	1.0	820
0.07	1.8	450
0.10	2.6	310
0.15	3.4	240
0.20	3.8	215
0.30	4.3	190
0.40	4.5	180
0.50	4.6	180
0.70	4.8	170
1.00	5.0	165
1.50	5.2	160
2.00	5.3	155

15-кесте

Барлық дене сырттай сәулеленген кезде персонал адамдары үшін тиімді доза мәндері және моноэнергетикалық фотондар ағынының орташа жылдық тығыздығы

Фотондар энергиясы, МэВ	Жеке флюенске тиімді доза, 10^{-10} Зв $\cdot \text{см}^2$		Ағынның орташа жылдық рұқсат етілген тығыздығы, $\text{РАТ}_{\text{перс}}, \text{см}^{-2} \cdot \text{с}^{-1}$		Жеке флюенске ауадағы керма, 10^{-12} Гр $\cdot \text{см}^2$
	ИСӨ ¹⁾	АА ²⁾	ИСӨ ¹⁾	АА ²⁾	
1.0-2	0.0201	0.0485	1.63+05	6.77+04	7.43
1.5-2	0.0384	0.125	8.73+04	2.62+04	3.12
2.0-2	0.0608	0.205	5.41+04	1.62+04	1.68
3.0-2	0.103	0.300	3.24+04	1.08+04	0.721
4.0-2	0.140	0.338	2.31+04	9.65+03	0.429
5.0-2	0.165	0.357	1.99+04	9.12+03	0.323
6.0-2	0.186	0.378	1.77+04	8.63+03	0.289
8.0-2	0.230	0.440	1.42+04	7.44+03	0.307
1.0-1	0.278	0.517	1.18+04	6.33+03	0.371

1.5-1	0.419	0.752	7.79+03	4.33+03	0.599
2.0-1	0.581	1.00	5.61+03	3.28+03	0.856
3.0-1	0.916	1.51	3.54+03	2.17+03	1.38
4.0-1	1.26	2.00	2.59+03	1.63+03	1.89
5.0-1	1.61	2.47	2.02+03	1.32+03	2.38
6.0-1	1.94	2.91	1.69+03	1.12+03	2.84
8.0-1	2.59	3.73	1.26+03	8.73+02	3.69
1.0	3.21	4.48	1.01+03	7.33+02	4.47
2.0	5.84	7.49	5.63+02	4.38+02	7.55
4.0	9.97	12.0	3.28+02	2.73+02	12.1
6.0	13.6	16.0	2.38+02	2,05+02	16.1
8.0	17.3	19.9	1.89+02	1.64+02	20.1
10.0	20.8	23.8	1.56+02	1.38+02	24.0

Е с к е р т п е :

1) ИСО - изотропты (4 π) сәуле өрісі, 2) АА - алдыңғы-артқы геометрияда параллель шоқпен сәулелену.

Керма – заттың элементтік көлемде жанама иондаушы сәуленің әсерінен құралатын барлық зарядталған иондаушы бөлшектердің бастапқы кинетикалық энергия жиынтығының dE_k осы көлемдегі заттың dm массасына қатынасы:

$$K = \frac{dE_k}{dm}$$

Керма бірлігі – грей (Гр).

Керма және сіңірілген доза зарядталған бөлшектердің тепе-теңдігіне қол жеткізілетін және тежеуіш сәулені және қайталама электрондардың жүру жолындағы фотондар ағынының әлсіреуін ескермеуге болатындай дәрежеде бір біріне тең болады.

16-кесте

Тері сәулеленген кезде персонал адамдары үшін эквивалентті доза мәндері және моноэнергетикалық фотондар ағынының орташа жылдық рұқсат етілген тығыздығы

Фотондар энергиясы, МэВ	Жеке флюенске терідегі эквивалентті доза, $10^{-10} \text{ Зв} \times \text{см}^2$		Ағынның рұқсат етілген орташа жылдық тығыздығы $\text{РАТ}_{\text{перс}}, \text{см}^{-2} \times \text{с}^{-1}$	
	ИСО ¹⁾	АА ¹⁾	ИСО ¹⁾	АА ¹⁾
1.0-2	6.17	7.06	1.31+04	1.16+04
2.0-2	1.66	1.76	4.96+04	4.63+04
3.0-2	0.822	0.880	1.00+05	9.25+04
5.0-2	0.462	0.494	1.81+05	1.63+05
1.0-1	0.549	0.575	1.50+05	1.42+05
1.5-1	0.827	0.851	9.74+04	9.74+04

3.0-1	1.79	1.81	4.53+04	4.53+04
4.0-1	2.38	2.38	3.38+04	3.38+04
5.0-1	2.93	2.93	2.80+04	2.80+04
6.0-1	3.44	3.44	2.40+04	2.40+04
8.0-1	4.39	4.39	1.88+04	1.44+04
1.0	5.23	5.23	1.55+04	1.55+04
2.0	8.61	8.61	9.57+03	9.57+03
4.0	13.6	13.6	6.08+03	6.08+03
6.0	17.9	17.9	4.57+03	4.57+03
8.0	22.3	22.3	3.66+03	3.66+03
10.0	26.4	26.4	3.13+03	3.13+03

Е с к е р т п е :

1) ИСӨ - изотропты (2 π) сәуле өрісі, 2) АА - алдыңғы-артқы геометрияда параллель сәуле шоғымен сәулелену.

17-кесте

Көзбұршақ сәулеленген кезде персонал адамдары үшін эквивалентті доза мәндері және моноэнергетикалық фотондар ағынының орташа жылдық рұқсат етілген тығыздығы

Фотондар энергиясы, МэВ	Жеке флюенске көзбұршақтағы эквивалентті доза, 10^{-10} Зв х см ²		Ағынның рұқсат етілген орташа жылдық тығыздығы РАТ _{перс} , см ⁻² х с ⁻¹	
	ИСӨ ¹⁾	АА ¹⁾	ИСӨ ¹⁾	АА ¹⁾
1.0-2	0.669	2.23	3.66+04	1.08+04
1.5-2	0.749	2.06	3.29+04	1.16+04
2.0-2	0.622	1.53	3.97+04	1.60+04
3.0-2	0.375	0.865	6.55+04	2.85+04
4.0-2	0.275	0.571	9.07+04	4.27+04
5.0-2	0.239	0.459	1.03+05	5.33+04
6.0-2	0.234	0.431	1.06+05	5.67+04
8.0-2	0.264	0.476	9.05+04	5.16+04
1.0-1	0.326	0.568	7.26+04	4.34+04
1.5-1	0.545	0.857	4.59+04	2.88+04
2.0-1	0.762	1.16	3.31+04	2.11+04
3.0-1	1.20	1.77	2.09+04	1.39+04
4.0-1	1.59	2.33	1.54+04	1.06+04
5.0-1	2.00	2.86	1.24+04	8.64+03
6.0-1	2.39	3.32	1.04+04	7.34+03
8.0-1	3.10	4.21	7.90+03	5.87+03
1.0	3.76	4.96	6.53+03	4.91+03
2.0	6.64	7.93	3.68+03	3.09+03
4.0	11.1	12.1	2.20+03	2.00+03
6.0	15.1	15.6	1.62+03	1.57+03

8.0	19.1	19.1	1.29+03	1.29+03
10.0	23.3	22.3	1.06+03	1.10+03

Е с к е р т п е :

1) ИСО - изотропты (4 π) сәуле өрісі, 2) АА - алдыңғы-артқы геометрияда параллель шокпен сәулелену.

18-кесте

Барлық дене сәулеленген кезде персонал адамдары үшін эквивалентті доза мәндері және моноэнергетикалық нейтрондар ағынының орташа жылдық рұқсат етілген тығыздығы

Нейтрондар энергиясы, МэВ	Жеке флюенске тиімді доза, 10^{-10} Зв х см ²		Ағынның рұқсат етілген орташа жылдық тығыздығы, РАТ _{перс} , см ⁻² х с ⁻¹	
	ИСО ¹⁾	АА ²⁾	ИСО ¹⁾	АА ²⁾
Жылу нейтрондары	3.30	7.60	9.90+2	4.30+2
1.0-7	4.13	9.95	7.91+2	3.28+2
1.0-6	5.63	1.38+1	5.80+2	2.37+2
1.0-5	6,44	1.51+1	5.07+2	2.16+2
1.0-4	6.45	1.46+1	5.07+2	2.24+2
1.0-3	6.04	1.42+1	5.41+2	2.30+2
1.0-2	7.70	1.83+1	4.24+2	1.79+2
2.0-2	1.02+1	2.38+1	3.21+2	1.37+2
5.0-2	1.73+1	3.85+1	1.89+2	8.49+1
1.0-1	2.72+1	5.89+1	1.20+2	5.46+1
2.0-1	4.24+1	9.90+1	7.71+1	3.30+1
5.0-1	7.50+1	1.88+2	4.36+1	1.74+1
1.0	1.16+2	2.82+2	2.82+1	1.16+1
1.2	1.30+2	3.10+2	2.51+1	1.05+1
2.0	1.78+02	3.83+2	1.84+1	8.53
3.0	2,20+2	4.32+2	1.49+1	7.56
4.0	2.50+2	4.58+2	1.31+1	7.13
5.0	2.72+2	4.74+2	1.20+1	6.89
6.0	2.82+2	4.83+2	1.16+1	6.76
7.0	2.90+2	4.90+2	1.13+1	6.67
8.0	2.97+2	4.94+2	1.10+1	6.61
10	3.09+2	4.99+2	1.06+1	6.55
14	3.33+2	4.96+2	9.81	6.59
20	3.43+2	4.80+2	9.52	6.81

Е с к е р т п е :

1) ИСО - изотропты (4 π) сәуле өрісі, 2) АА - алдыңғы-артқы геометрияда параллель шокпен сәулелену.

19-кесте

Жұмыс үй-жайларының және олардағы жабдықтардың, тері жабындарының, арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің және персоналдың басқа да жеке қорғаныш құралдары беттерінің рұқсат етілген радиоактивті ластану мән-дері, $\text{бөлшек}/(\text{см}^2 \cdot \text{мин})$.

Ластану объектісі	Альфа-активті нуклидтер ¹⁾		Бета-активті нуклидтер ¹⁾
	жеке ²⁾	өзгелер	
Бүлінбеген тері, арнайы іш киім, орамалдар, жеке қорғаныш құралдарының үстіңгі бөліктерінің ішкі беті	2	2	200 ³⁾
Негізгі арнайы киім, қосымша жеке қорғаныш құралдарының ішкі беті, арнайы аяқ киімнің сыртқы беті	5	20	2000
Персонал тұрақты болатын үй-жайдың және олардағы жабдықтардың беті	5	20	2000
Персонал мезгілмен болатын үй-жайдың және олардағы жабдықтардың беті	50	200	10000
Санитариялық шлюздердегі алынатын қосымша жеке қорғаныш құралдарының сыртқы беті	50	200	10000

Е с к е р т п е :

1) тері жабындары, арнайы киім және аяқ киім, басқа да жеке қорғаныш құралдары үшін жалпы радиоактивті ластану (алынатын және алынбайтын) нормаланады. Қалған жағдайларда тек алынатын ластану ғана нормаланады;

2) қалғандарына жұмыс үй-жайлары ауасындағы орташа жылдық рұқсат етілген көлемді активтілігі $\text{РЕКА} < 0,3 \text{ Бк}/\text{м}^3$;

3) ^{90}Sr - + ^{90}Y -40 бөлшек/ $(\text{см}^2 \cdot \text{мин})$ үшін.

20-кесте

Радиоактивті заттарды және материалдарды тасымалдауға пайдаланылатын көлік құралдары беттерінің алынатын радиоактивті ластануының рұқсат етілген деңгейлері

Ластану объектісі	Ластану түрлері			
	Алынатын (бекітілмеген)		Алынбайтын (бекітілген)	
	Альфа-активті радионуклидтер	Бета-активті радионуклидтер	Альфа-активті радионуклидтер	Бета-активті радионуклидтер
Көлік құралының және контейнердің қорғайтын	1,0	10		2001)

ыдысының сыртқы беті			регламенттелмейді	
Қорғайтын ыдыстың ішкі беті және көлік контейнерінің сыртқы беті	1,0	100	регламенттелмейді	2000

Е с к е р т п е :

1) $^{90}\text{Sr} + ^{90}\text{Y}$ -40 бөлшек/(см² х мин) үшін.

59. Бөлшектер ағыны тығыздығының орташа жылдық рұқсат етілген мәндері сәуле энергиясының кең ауқымы және екі барынша ықтимал сәулелену геометрияларына: изотропты сәуле өрісіне (2π немесе 4π) және денеге алдынан сәулеленудің параллель шоғының түсуіне берілген.

60. Тері жабындары, арнайы киім және аяқ киім, басқа да жеке қорғаныш құралдары үшін жалпы радиоактивті ластану нормаланады (алынатын және алынбайтын). Қалған жағдайларда тек алынатын ластану ғана нормаланады.

Тері жабындарының жалпы радиоактивті ластану деңгейлері радионуклид бөлігінің теріге және организмге енуін есепке ала отырып анықталады. Есептеу жалпы ластану ауданы 300 см² аспауы тиіс деген болжаммен жүргізілген.

«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» гигиеналық нормативтеріне 1-қосымша

Персонал үшін ауадағы жекелеген радионуклидтердің дозалық коэффициенттері, ауамен жылдық түсу шегі және орташа жылдық рұқсат етілетін көлемдік активтілігі мәндері

Радионуклид	Жартылай ыдырау кезеңі	Ингаляция кезіндегі қосылу түрі ¹⁾	Дозалық коэффициент $T_{\text{ауа}} \cdot \epsilon_{\text{перс}} \cdot \text{Зв/Бк}$	Жылдық түсу шегі ЖТШ _{перс} , Бк жылына	Рұқсат етілетін орташа жылдық көлемдік активтілік РКА _{перс} , Бк/м ³
1	2	3	4	5	6
H-3	12,3 жыл	Г1	1,8-11	1,1+09	4,4+05
		Г2	1,8-15	1,1+13	4,4+09
		Г3	1,8-13	1,1+11	4,4+07
Be-7	53,3 тәулік	П	4,8-11	4,2+08	1,7+05
		М	5,2-11	3,8+08	1,5+05
Be-10	1,60+06 жыл	П	9,1-09	2,2+06	8,8+02
		М	3,2-08	6,3+05	2,5+02
C-11	0,340 сағ	Г1	3,2-12	6,2+09	2,5+06

		Г2	2,2-12	9,1+09	3,6+06
		Г3	1,2-12	1,7+10	6,7+06
C-14	5,73+03 жыл	Г1	5,8-10	3,4+07	1,4+04
		Г2	6,2-12	3,2+09	1,3+06
		Г3	8,0-13	2,5+10	1,0+07
F-18	1,83 сағ	Б	3,0-11	6,7+08	2,7+05
		П	5,7-11	3,5+08	1,4+05
		М	6,0-11	3,3+08	1,3+05
Na-22	2,60 жыл	Б	1,3-09	1,5+07	6,2+03
